

Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына жарылғыш материалдардың (ДШЭ-12 детонаторлық баулар) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 28 маусым N 964

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екі ұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнім транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143_қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде "Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы) 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 33/2000-НВ келісім-шарты бойынша "Взрывпром" ашық акционерлік қоғамы (Ташкент қаласы) үшін беретін жарылғыш материалдардың (ДШЭ-12 детонаторлық баулар) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат б е р і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Темір жол көлігі жөніндегі кеңестің 1996 жылғы 5 сәуірдегі он бесінші мәжілісінде бекітілген Қауіпті жүктерді тасымалдаудың қолданылып жүрген ережесіне және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес қауіпсіздіктің ерекше шараларын сақтай отырып, 2-қосымшаға сай қозғалыс бағыты бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүктің темір жол көлігімен транзиттік тасымалын жүзеге асыруды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың (ДШЭ-12 детонаторлық баулар) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне бақылауды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 28 маусымдағы

N 964 қаулысына қосымша

"Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы) 2000 жылғы 21.01. N 33/2000-НВ келісім-шарты бойынша "Взрывпром" ашық акционерлік қоғамына (Ташкент қаласы) беретін тауарларының саны

р/с ! N	Тауардың атауы	! Өлшем бірлігі	! Саны ! АҚШ долла-	Бағасы р ы м е н	! Жалпы құны АҚШ долларымен
1	ДШЭ-12 детонаторлық бауы	Мың м.	400	180.0	72000.00
Жиыны:					72000.00

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 28 маусымдағы

N 964 қаулысына 2-қосымша

2000 жылы беру үшін жарылғыш материалдардың

(ДШЭ-12 детонаторлық баудың) қозғалыс бағыты

Жарылғыш материалдардың қозғалысы мынадай бағыт бойынша жүзеге асырылады

:

1. Жүк жөнелтуші: "Нитро-Взрыв" ААҚ-мы, Мәскеу қаласы,
Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы

Жөнелту станциясы: Пашино, Ресей Федерациясы;

Баратын станциясы: Бұқара, Өзбек темір жолы;

Шекарадан өту станциясы: Локоть-Шеңгелді (Қазақстан Республикасы)

2. Қабылдап алушы: "Взрывпром" ашық акционерлік қоғамы,

Ташкент қаласы, Өзбекстан Республикасы.